ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 19 наурыз №4360-25-00-2/128 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Б.Е.Елшібековтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшылығында О.А.Хабиевтің отыруымен,
ашық сот отырысында мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының Сырдария ауданы бойынша білім бөлімінің «№132 Т.Айтбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«МКК- «Элит Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Кызылорда-Технодзор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Шарт бойынша жұмыстардың толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуді міндеттеу туралы
2. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
3. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Л.Сырбайқызы
Талап қоюшы өкілі Ж.Назаров
Жауапкер өкілі Н.Умиртаев
Үшінші тұлға өкілі Д.М.Аралбаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 3 маусымда талап қоюшы мен жауапкер арасында жасалған құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №27 шарттың (бұдан әрі – Шарт) 1-қосымшасына сәйкес жауапкер Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Н.Илясов ауылындағы № 132 Т.Айтбаев атындағы орта мектебінің ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу

жұмыстарын құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастауға рұқсат алғаннан кейін 6 ай ішінде аяқтауға міндеттенген.

Талап қоюшы жауапкермен Шарт бойынша міндеттемелері толық және тиесілі орындалмағандықтан, яғни, Шарт бойынша жалпы сомасы 293 328 883 теңгені құрайтын жұмыстардың 188 831 825 теңгені құрайтын бөлігі орындалып, қалған 104 497 058 теңгені құрайтын бөлігі аяқталмағандықтан, жауапкерге Шарт бойынша жұмыстардың толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуді міндеттеу, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 835 976 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюымен сотқа жүгінген.

Жауапкер сотқа жазбаша қарсы пікірін ұсынып, құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастауға рұқсат 2024 жылғы 1 шілдеде алынғанын, 2024 жылғы 31 шілдедегі №27/1 қосымша шарт жасалғанын, жұмыстарды аяқтауға ауа райының суытып қыс мезгіліне туралы келгенін, талап қоюшыға 2024 жылдың қараша айында жұмыстарды орындау кестесіне сәйкес шарт талаптары тиісінше орындалмай жатқандығы белгілі болғанымен заң талаптарына сәйкес сот органдарына жүгінбегенін көрсетіп талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Сотта талап қоюшы өкілі талап қоюды толығымен қолдап, жауапкер Шарт бойынша жұмыстарды құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастауға рұқсат алғаннан кейін 6 ай ішінде, яғни, рұқсат 2024 жылғы 1 шілдеде алынса, 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін аяқтауға міндеттенгендіктен, талап қоюмен заң талаптарына сәйкес 2025 жылғы 10 қаңтарда жүгінгенін көрсетіп, талап қоюды толық қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі жазбаша қарсы пікіріндегі уәждерін айтып, Шарт бойынша жұмыстардың толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуді міндеттеу туралы талаппен келісетінін, жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талаппен келіспейтінін мәлімдеп, талапты ол бөліктерінде қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Үшінші тұлға өкілі қандай-да бір шешім қабылдауды соттың құзырына қалдыратыны туралы пікірін білдірді.

Прокурор талап қою қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-тармағына сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 31.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.06.2025, судья Елшібеков Б. Е., 09.06.2025

көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

АК-нің 616-бабының 1-тармағына сәйкес, мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге) міндеттенеді. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс мердігердің тәуекелімен орындалады.

Шарттың 6.1.-тармағына сәйкес Орындаушының жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда жұмыс орындалды деп саналады.

Сотта анықталғандай, Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жауапкер № 132 Т.Айтбаев атындағы орта мектебінің ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу жұмыстарын 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін аяқтауға міндеттенгенімен, Шарт бойынша өз міндеттемесі мерзімінде толық орындалмаған. Жұмыстардың 104 497 058 теңгені құрайтын бөлігі бүгінгі күнге мердігермен аяқталмаған, тапсырыс берушімен қабылданбаған.

Сонымен бірге 2024 жылғы 31 шілдедегі қосымша келісіммен толық қаржыландыру 2024 жылға қаралып, Шарттың, Келісім өзгертпейтін бөлігіндегі барлық басқа талаптары күшінде қалған. Сонымен бірге Қосымша келісімнің 1.4-тармағына сәйкес Келісім оған аумақтық қазынашылық органында тіркеу күнінен бастап күшіне енеді және 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін әрекет етеді.

Сот жауапкердің жазбаша қарсы пікіріндегі уәждерін негізсіз деп санайды. Себебі жауапкер Шарттың және Қосымша келісімнің талаптарымен келісіп, қол қойған.

Істің мұндай тұрғысында, сот, жауапкерге мемлекеттік сатып алу шарты бойынша №132 Т.Айтбаев атындағы орта мектебі ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстарын толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуді міндеттеуді қажет деп табады.

№2 талап бойынша.

АК-нің 386-бабының 1-тармағына сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 31.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 04.06.2025, судья Елшібеков Б. Е., 09.06.2025
4360-25-3-1/52

мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартта көрсетілген міндеттемесін тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Сотқа ұсынылған құжаттарға сәйкес, жауапкер Шарт бойынша жұмыстарды құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастауға рұқсат алғаннан кейін 6 ай ішінде, яғни, рұқсат 2024 жылғы 1 шілдеде алынса, 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін аяқтауға міндеттенгенімен, Шартпен белгіленген мерзімі ішінде толық орындамаған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2025 жылғы 10 қаңтарда жүгінген.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

№3 талап бойынша.

АК-нің 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 8.3-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының, ал тиісінше орындалмаған жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны қарастырылған.

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 31.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 04.06.2025, судья Елшібеков Б. Е., 09.06.2025
4360-25-3-1/52

Жоғарыда анықталғандай, жауапкер өзінің міндеттемесін тиісті түрде орындамауына байланысты, талап қоюшы жауапкердің жұмыстарды орындауды кешіктірген күндеріне (2025 жылғы 1-8 қаңтарға, кешіктірген күннен талап қою дайындалған күнге дейін) 835 976 теңге тұрақсыздық айыбын дұрыс есептеген.

Сот талап қоюшының бұл талабы да толық қанағаттандырылып, жауапкерден мемлекет кірісіне 835 976 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деп санайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 29011 теңге (1-ші талап бойынша 1966 теңге, 2-ші талап бойынша 1966 теңге, 3-ші талап бойынша 25079 теңге) мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының Сырдария ауданы бойынша білім бөлімінің «№132 Т.Айтбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «МКК- «Элит Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алу шарты бойынша №132 Т.Айтбаев атындағы орта мектебі ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстарын толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

Жауапкер «МКК- «Элит Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «МКК- «Элит Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік кірісіне 835 976 (сегіз жүз отыз бес мың тоғыз жүз жетпіс алты) теңге тұрақсыздық айыбы және 29 011 (жиырма тоғыз мың он бір) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 31.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.06.2025, судья Елшібеков Б. Е., 09.06.2025

4360-25-3-1/52

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 31.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.06.2025, судья Елшібеков Б. Е., 09.06.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»